

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АЙМАҚТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Дамежан САДЫКОВА*
Раиса УТЕГАЛИЕВА**
Аружан ТҮСІПХАН***

Аңдатпа: Табиғатты қорғаудың маңызды формаларының бірі- ерекше қорғауға алынған аймақтар. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар - мемлекет және адамдар тарапынан белгілі бір қоршаған ортаны ерекше қорғау мақсатында ұйымдастырылған, арнайы бөлінетін құрлықтағы және су айдынындарындағы жер телімдерінің жүйесі. Ерекше қорғалатын аймақтар адамзат өркениеті тарихының дамуымен өте тығыз байланысты. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға қорықтар, қорықшалар, табиғат ескерткіштері, ұлттық және табиғат саябақтары, ботаникалық бақтар, биосфералық резерваттар, зоологиялық бақтар, дендрологиялық бақтар, ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан

құндылығы ерекше су қоймалары, халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар, жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелері, емдеу-сауықтыру аймақтары жатады. Еліміздегі ерекше қорғалатын табиғи аймақтар экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан құнды ұлттық байлығымыз болып саналады.

Кілт Сөздер: *Ерекше Қорғалатын Аймақтар, Қорықтар, Ұлттық Саябақтар, Ботаникалық Бақ, Дендрологиялық Бақ, Зоологиялық Бақ, Табиғат Ескерткіштері, Су Қоймалары*

Environmental Assessment of Specially Protected Areas in Kazakhstan

Annotation: One of the most important forms of nature conservation is areas that are under special protection. Specially protected natural zones - a system of land plots on specially designated land and water bodies, organized by the state and people for the purpose of special protection of a particular environment. Protected areas are very closely related to the development of the history of human civilization. Specially protected natural areas include reserves, reserves, natural monuments, national and nature parks, botanical gardens, Biosphere Reserves, Zoological Gardens, dendrological gardens of special state importance or scientific significance

these include reservoirs of special value, wetlands of international importance, areas of special ecological, scientific, cultural and other value of the subsoil, medical and recreational areas. Specially protected natural areas of the country are considered our national wealth from the ecological, scientific and cultural side.

Key Words: *Protected Areas, Reserves, National Parks, Botanical Garden, Dendrological Garden, Zoological Garden, Natural Monuments, Reservoirs*

Кіріспе

Қазіргі биосферадағы адамзаттың өмір сүруінің басты проблемаларының бірі- биоәртүрлілікті сақтау. Табиғатқа тікелей немесе жанама әсер ету қоршаған ортаның ластанып тірі ағзалардың азаюына немес жойылып кетуіне әсер етуде. Бұл түрлер арасындағы пропорциялардың бұзылуына, экологиялық зардаптардың қайталануына, толық эволюциялық іріктеу мүмкіндігінің азаюына және экожүйелердің тұрақтылығын төмендетуге әсер етеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі экологиялық жүйені сақтау мен орнықты дамытудың маңызды тетігі болып табылады. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда:

- Биологиялық әртүрлілікті, оның ішінде сирек кездесетін, жойылып кету қаупі төнген және шаруашылық және ғылыми тұрғыдан құнды өсімдіктер мен жануарлар дүниесі нысандарын және олардың тіршілік ету ортасын сақтау үшін тиісті аумақ болуы;

- Ерекше эстетикалық, ғылыми және мәдени құндылықты білдіретін табиғи ландшафттар мен мәдени ландшафттар учаскелерінің болуы;

* PhD, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, sadykovadameli77@gmail.com

** Б.ғ.к., доцент, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, utegaliyeva.raissa@qyzpu.edu.kz

*** Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, daurenkyzyaruka@gmail.com

- Ерекше ғылыми, мәдени және эстетикалық құндылықты білдіретін геологиялық, минералогиялық және палеонтологиялық нысандардың болуы;

- Ерекше ғылыми, мәдени және эстетикалық құндылығы бар бірегей табиғи кешендер мен нысандардың, оның ішінде жалғыз табиғи нысандардың болуы керек.


Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекелеген елдерінде ерекше қорғалатын аймақтарды ұйымдастыру XIX ғасырдан басталған. 1872 жылы Америка жерінде ұйымдастырылған алғашқы ұлттық саябақтар (бақтар). Одан соң Канада, Африка, Австралия, Жаңа Зеландия, т.б. материктерде қорықтар мен ұлттық саябақтар ұйымдастырылғаны белгілі. Ресейде 1874 жылы Аскания – Нова ұлттық бағы құрылған.

Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық саябақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық саябақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Шын мәнінде, табиғатты қорғау оның аймағымен шектелмеуі тиіс, керісінше барлық жер адам баласы үшін саялы бақ, құтты қонысы болуы керек. Осы орайда, Канада, Африка, Австралия, Англия, т.б. өркениетті елдерде мемлекеттің барлық аумағы ұлттық байлық деп қорғауға алынған. Мәселен, Англияның кішкене ғана жерінде 189 ұлттық қорықша, 10 ұлттық саябақ, 81 корольдік қорықтар болса, ал Германия жерінде 735 қорықшалар, 400-ден астам ландшафтық заказниктер, 9100 табиғат ескерткіштері бар. Сол сияқты Франция жерінде 22 ұлттық саябақ, 20 қорық бар екенін ескерсек, жоғарыдағы «өркениетті» елдердің табиғатты қалайша сүйетінін айқындауға болады. КСРО, қазіргі ТМД елдері бойынша 141 мемлекеттік қорық, 2700 қорыққор, 12 ғана ұлттық саябақ, бірнеше мың табиғат ескерткіштері болған.

1. Нәтижелер мен Талдаулар


Өртүрлі ландшафт және биологиялық ресурстарға бай Қазақстан әлемдік беделге ие. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі қабылданған «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін айқындайды. Бірақ бүгінгі күні елімізде 9 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палеонтологиялық), 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрине, біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3% пайызын қамтиды. Дегенмен, республикамызда ерекше қорғалатын аймақтарды арттыру жұмыстарын ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады. Осыған орай Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатауы ұлттық саябақтарының құрылуын ерекше атап өтуге болады (Мониторинг 1).

Мониторинг 1: Ерекше қорғалатын аймақтар мониторингі



Егеменді Қазақстан жері жақын жылдары Қаратау, Қапланқыр, Балқаш, Ерейментау, Торғай т.б. көптеген қорықтар мен ұлттық саябақтарды пайдалану шараларын қарастыруда. Негізінен ландшафтарды қорғаудың 10 категориясы бар: қорықтар, қорыққорлар, ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері, қорғалатын ландшафтар, табиғат ресурстарының қорық-қорлары, биосфералық қорықтар, микроқорықтар (омыртқасыз жәндіктер мен өсімдіктерге арналған), табиғат нысандары және көп мақсатта қорғауға алынған жерлер. Қазақстан жері жасыл өсімдіктер әлемі мен жабайы жануарлар дүниесіне өте бай өлке. Өздеріңізге белгілі, олардың арасында туған өлке топырағына ғана тән жануарлар мен өсімдіктердің эндемикалық түрлерімен қатар, сонау мұздану дәуірінен бері бізге жеткен реликт және толып жатқан себептерге байланысты азайтып кеткен түрлері де аз емес. Елімізде жойылып кету қаупі бар және сиреп кеткендер тізіміне жануарлардың 87, өсімдіктердің 306 түрі бар екен. Олардың алдын алу үшін қорықтар мен табиғи саябақтар, қорыққор мен табиғат ескерткіштерін ұйымдастырып, ботаникалық бақтар мен жануарлар саябағын құру қажет.

Мониторинг 2: Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі



Қазақстанда ұйымдастырылған «Ақсу-Жабағылы» (1926), «Алматы» (1934), «Наурызым» (1959), «Барсакелмес» (1939), «Қорғалжын» (1968) және «Марқакөл» (1976), «Үстірт» (1984), «Батыс Алтай» (1992), «Алакөл» (1998) қорықтары бар. Осы орайда Қазақстан қорықтары республикамыздың табиғат байлықтарын қорғау ісіне орасан зор үлес қосып отыратындығы айқын.

Сурет 1: Қазақстанның қорықтары және ұлттық саябақтары



Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың SWOT талдауы

Мықты жақтары:

1. Қазақстандағы ерекше қорғалатын аймақтар көптеген ерекше экожүйелер мен түрлерден тұрады.
2. Жойылып бара жатқан түрлерді және олардың мекендеу орындарын сақтауда шешуші рөл атқарады.
3. Тартымды ландшафттар мен экологиялық туризм жергілікті экономиканың дамуына ықпал етеді.
4. Ерекше табиғи нысандардың сақталуы заңды түрде қадағаланады.

Әлсіз жақтары:

1. Ерекше қорғалатын табиғи аймақты тиімді басқару және қорғау үшін қаражаттың жеткіліксіздігіне тап болады.
2. Қажетті инфрақұрылымның болмауы бақылауды қиындатады.
3. Жергілікті халықтың табиғатты сақтау және биологиялық әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығы туралы хабардарлығының төмендігі.
4. Экологиялық мәдениеттің әлсіздігінен табиғатты қорғауға белсенділіктің төмендігі.

Мүмкіндіктер:

1. Халықаралық ұйымдар мен қорлардан қолдау және қаржыландыру алу мүмкіндігі.
2. Елдің табиғи ресурстары туралы хабардар ету және жаңа жұмыс орындарын ашу.
3. Қоршаған ортаны қорғауды тиімді бақылау және басқару үшін заманауи технологияларды пайдалану.
4. Табиғатты қорғау жұмыстары бағытында насихаттау жұмыстарын жандандыру.
5. Табиғи аймақтарды тиімді пайдалану арқылы экотуризмді дамыту

Қауіп-қатер:

1. Заңсыз аң ату, балық аулау, ағаш кесу және тау-кен өндіру қорықтардың биоәртүрлілігіне теріс әсер етуі мүмкін.

2. Климаттың өзгеруі қорықтардың тіршілік ету ортасының жоғалуына және биоәртүрліліктің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

3. Саяси қолдаудың болмауы: Саяси ерік-жігердің болмауы ерекше қорғалатын аумақтарды тиімді сақтау мен басқаруға кедергі келтіруі мүмкін.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы мен Экология және Табиғи Ресурстар министірлігі жанынан құрылған «Қазақстанда қорық ұйымдастыру ісінің ғылыми негізі» проблемасы жөніндегі комиссия бүгінде республикамызда әр түрлі географиялық аймақтарды қамтитын 20 шақты қорық ұйымдастыруға болады деген қорытындыға келіп отыр. Сондықтан келешекте ұлан-ғайыр өлкемізде құрылатын қорықтармен таныстыра кеткеніміз жөн болады. Олардың негізгілері атап айтқанда мыналар: Ерментау қорығы, Қаратау қорығы, Бетпақдала немесе Андасай қорығы, Торғай қорығы, Жоңғар қорығы, Кент қорығы, Қаптанқыр қорығы, Зайсан шөлді қорығы [2].

Кез келген мемлекеттің ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды құрып, дамыту стратегиясы негізгі екі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

- Оның аймағындағы барлық негізгі географиялық аймақтар мен өңірлердің табиғи эталондарын барынша толық көрсетілуі;

- Жүйелі топтастырылған деңгейдегі биологиялық ресурстарды, топырақты енгізе отырып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін және микроорганизмдерді сақтау. Мұны арттыру үшін ең дұрыс шара қорықтар мен ұлттық саябақтарды ұйымдастыру болып табылады.

Еліміздің жер құнарын, орман мен тоғайдың әсем келбетін бұзбай, өзен-көл тұнығын шайқамай, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қымбат қазынадай қастерлеп, қамқорлыққа алатын бірнеше мемлекеттік қорық ұйымдастыру-бүгінгі күннің талабы. Болашақта ерекше қорғалатын аймақтарды дамыту арқылы аймақтардың көріктілігі мен рекреациялық ерекшелігін сақтау мәселелеріне ерекше көңіл аударуды қажет етеді.

Қорыта айтқанда Қазақстандағы ерекше қорғалатын аймақтарды дамыту арқылы еліміздегі экологиялық туризм салаларын жан-жақты дамытамыз, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, биоалуантүрлілікті сақтау, жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті-рекреациялық аймақтарын қорғау, еліміздегі ішкі және сыртқы туризмді дамыту арқылы ұлттық экологиялық мәселелерді шешу мүмкіншіліктері артады. Ерекше қорғалатын аймақтарды дамыту арқылы экономикалық және экологиялық жағдайымызды жақсартамыз. Жасыл желекті мемлекет деңгейдегі әлемдік мәртебемізді айқындаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Садыкова, Д.А., Мухамединова, Н.А. (2010). ҚР экологиялық проблемалары,-А.: ҚазмемПУ.57-96бб.
- [2] Sadykova, D.A. (2019). “Kazakistan’daki Millî Turizmin Geliştirilmesi ve Turizm”. 2. Uluslararası Develi-Aşık Seyrani ve Türk *Kültürü Kongresi*, Develi Belediyesi.
- [3] Sadykova, D.A. (2019). Opportunities for tourism development in the economic zone of north Kazakhstan, *International Journal of Social, Political and Economic Research* №1.
- [4] Степаовских, А.С. (2003). Прикладная экология охранаокружающей среды. М.ЮНИТИ-ДАНА.

